

2016 жылы тіркеуді ұйымдастыру туралы

Қарағанды облысы Нұра ауданының әкімінің 2015 жылғы 30 қарашадағы № 8 шешімі.
Қарағанды облысының Әділет департаментінде 2015 жылғы 23 желтоқсанда № 3568 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Заңының 16 бабының 3 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 маусымдағы № 859 "Әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" қаулысына сәйкес Нұра ауданының

әкімі **ШЕШІМ** **ЕТТІ:**

1. 2016 жылдың 1 сәуіріне дейін Нұра ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің шақыру учаскесіне 1999 жылы туған ер азаматтарды тіркеу ұйымдастырылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндеттерін атқарушысы **Салтанат Аққошқарқызы Мұқановаға** жүктелсін.

3. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Қ. Бексұлтанов

К Е Л І С І Л Д І

Нұра ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің бастығы

_____ Қ.Ш. Жолболдин

2 0 1 5 ж ы л 3 0 қ а р а ш а